

**Кошкинбаева Нургуль Рыспаевнаның**  
**8D014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған**  
**педагогтарды даярлау» бағыты,**  
**6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша**  
**философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған**  
**«Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың**  
**бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы**  
**диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшінің**  
**ШКІРІ**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** «Бәсекеге қабілеттілік» мәселесі қоғамда әр-қашанда өзекті тақырып екенін аңғара отырып және осыған сәйкес зерттеу жұмысын жүргізу болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру бағытын талдау, анықтау және қалыптастыру дамыған және дамушы мемлекеттердің күн тәртібінен түспеуі тиіс деген пікірдемін. Шын мәнінде, жоғары кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінің көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың жаңа, яғни жан-жақты, заман талабына сай түрін қалыптастыру міндеттеледі.

Әлем Төртінші индустриялық революцияны бастан кешуде. Компьютерлік технологиялардың жаппай таралуы, автоматтандыру мен роботтандыру, ЖОО орнында білім алған түлектердің санының артуы, жұмыс орындарының азайуы және т.б. факторлар мамандар арасындағы бәсекелестіктің туындауына жол ашып отыр. Осы инновациялық үдерістер әлемдік экономикада тың мүмкіндіктерге жол ашып, бәсекелестіктің арқасында дамуда десек қателеспейміз. Бірақ алайда, біз үшін бұл үдерістер көптеген қиындықтар туғызуда. Біздің мамандар бәсекеге қабілетті, заман талабына сай болу үшін үнемі жаңарып отыруы қажет. Біздің педагогтарымыз оған дайын ба? Әлемдік жаңа трендтерден қалып қоймайтын мамандар дайындау жоғарғы оқу орындарының алдында тұрған үлкен жұмыс. Бәсекеге қабілетті педагогты дайындау, саналы өміршең, заманауи маманды дайындау – қазіргі күнгі күрделі, өзекті мәселе екені айдан анық.

Мұның өзі оларды жаңа ғылыми-педагогикалық идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, оқыту теориясы мен әдістемесін игерген кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейін меңгерген маман ретінде даярлау мәселесін тудырады. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі жаңартылуда. Білім беру жүйесі түбегейлі өзгеріс үстінде деп айта аламыз. Білім беру жүйесі егжей-тегжейлі зерделеніп, жаңарып, жаңғырып жатса да, әлі де болса өзгеруді, жаңаруды талап ететін мәселелер жетерлік екендігі байқалады.

Жоғарыда көрсетілген мәселелердің жиынтығы диссертацияның тандалған тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы.** Диссертацияның логикалық құрылымы жүйелі құрылған. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыс

2

барлық талаптарға сай орындалған. Пайдаланылған әдебиерттер зерттеу мәселесінің бағытына сәйкес.

**Зерттеу бағыты және зерттеу міндеттері.** Зерттеу мақсаты айқын және диссертант логикалық тұрғыда сәйкестенген төрт негізгі міндеттерді шешуді көздеген. Олар:

1) Педагогикалық теория мен практикада көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;

2) Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін әзірлеу;

3) Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың тиімді жұмыс істеуінің педагогикалық шарттарын анықтау;

4) Болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру, дәлелдеу.

Зерттеу міндеттері зерттеу жұмысы барысында толық шешілген.

**Нәтижеге жету барысындағы диссертанттың жеке үлесі.** Зерттеу жұмыстарын диссертант жеке өз бетінше жүргізді. Зерттеу барысында Кошкинбаева Нургуль Рыспаевна өзінің зерттеуге деген қызығушылығын, табандылығын, белсенділігін көрсетті, алдыға қойған мақсаттарға жете білді.

**Зерттеудің нәтижесі және ғылыми жаңалығы.** Зерттеу нәтижелері ғылыми жаңалығымен, жоғары теориялық және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Олар:

1) Педагогикалық теория мен практикада көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

2) Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі әзірленді;

3) Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың тиімді жұмыс істеуінің педагогикалық шарттары анықталды;

4) Болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісі әдістемелік қамтамасыз етілді және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеріліп, дәлелденді.

Жүргізілген жұмыстар докторанттың алға қойған ғылыми болжамын растады, міндеттер шешілді, мақсаттар орындалды.

Сондықтан зерттеудің теориялық және эксперименталдық нәтижелері ЖОО-ғы кәсіби даярлықтың сапасын арттыруға, бәсекелестік қабілеттерді қалыптастыруға бағытталғандығы айқындалды.

**Алынған нәтижелердің негізділігі мен дұрыстығының дәрежесі.** Бұл диссертациялық жұмыста шығармашылық көзқарасты көрсететін нәтижелерді ғылыми тұрғыдан қызықты және мазмұнды түсіндіру

ұсынылған, мұның өзі диссертанттың ғылыми-практикалық эрудициясының жоғары дәрежесін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері ерекше және ғылыми жаңалыққа ие, автордың білім саласының көркем-шығармашылық бағытын дамытуға қосқан үлесін көрсетеді.

Алынған нәтижелердің сенімділігі жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістерін және деректерді математикалық-статистикалық өңдеудің барабар әдістерін дұрыс қолданудың арқасында күмән тудырмайды.

Ұсынылған ғылыми нәтижелер мен жұмыстың қорытындысы жаңалықтың жоғары деңгейімен сипатталады.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі және негізділігі:** Зерттеу жұмысының қорытындылары әдіснамалық және теориялық қағидалар арқылы дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратының мазмұнына сәйкестігімен, кешенді әдіс-тәсілдердің пайдаланылуымен, тәжірбиелік-эксперименттік жұмыстың кезеңдеп жүруі және мақсаттылығымен, ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігімен, зерттеу нәтижелерін тәжірбиелік-эксперименттік жұмыстар нәтижесінде тексеруден өткізіп, ЖОО оқу үдерісіне ендірілуімен қамтамасыз етілген.

**Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңыздылығы.** Зерттеу жұмысында көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру құрылымының тиімділігі теориялық тұрғыда негізделген.

**Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы:**

- Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнінің оқу әдістемелік кешені және оқу құралы жасалды;

- Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етудің әдістемесі ЖОО оқыту үдерісіне ендірілді;

- Зерттеу нәтижелері болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогтарды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламаларын құру барысында үлкен мәнге ие.

**«Ғылыми дәрежелерді беру ережелері» талаптарына сәйкесігі.** Н.Р.Кошкинбаеваның «Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының педагогика ғылымының дамуына қосатын үлесі зор. Жасалынған жұмыс ғылыми маңыздылыққа және практикалық құндылықтарға ие, сонымен қатар, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті «Ғылыми дәрежелерді беру ережелері» талаптарына сай келеді.

Кошкинбаева Нургуль Рыспаевнаның «Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады.



Осыған байланысты, Кошкинбаева Нургуль Рыспаевна «6D012000 - Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Шетелдік ғылыми кеңесші,  
PhD, қауымдастырылған профессор

21.11.2022 ж.

